



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

МАҒЖАНДЫҚТАР МАЙДАҢДА ДА, ТЫЛАДА ДА ЕРЛІК КӨРСЕТТІ

Ұлы Жеңіс мейрамы – қазақстандықтар үшін ең қастерлі, мәртебелі мереке болып табылады. Ол осы күні сұраныл сөзге арын – байрақ, намысын – найза еткен қаһарман ерлердің жаушылар ерліктері мен елі үшін жанын құрбан еткен бабалар рухына тағзым ететін, қиян-кескі ұрыстан аман келген ардагерлерді құрметтейтін Ұлы күн.



Ұлы Жеңістің 81-жылдығына арналған салтанатты шара аудандық Мәдениет үйінің алдынан бастау алып, мағжандықтар орталық алаңмен «Жеңіс жауынгері» ескерткішіне дейін жүріп келді.

Содан кейін аудан тұрғындары ескерткішке және мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, ерлікпен қаза тапқан барлық жауынгерлерге тағзым етті.

Ауданнан майданға аттанған ардагерлерді бір сәт үнсіздікпен еске алған соң, аудан әкімі Рахат Смағұлов алаңға жиналған халықты мерекемен құттықтады.

Ұлы Жеңіс күні — халықтың ерлігі мен қайсар рухының символы. Біз майдангерлер мен тыл еңбеккерлерін зор ризашылықпен, терең құрметпен еске аламыз. Олардың жанқиярлығы мен рухының мықтылығы біз үшін әрдайым өнеге болып қала береді.

Біздің аудан тұрғындары да ортақ Жеңіске қомақты үлес қосты. Жерлес-теріміз майдан даласында да, тылда да

ерліктің үлгісін көрсетті. Олардың ерлігі — біздің мақтанышымыз әрі келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Бүгінде ел қорғау ісін әскери қызметшілер, құқық қорғау органдары мен арнайы қызмет өкілдері абыроймен жалғастырып, тұрақтылықты, қауіпсіздікті және бейбіт өмірді қамтамасыз етуде.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан өзгерістер жағдайында қоғам бірлігін нығайту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу және тарихи жадыны сақтау ерекше маңызға ие.

Осы мерекелі күндер жүректеріңізді елге деген мақтаныш сезіміне бөлеп, игі істерге және туған өлкенің игілігі жолындағы еңбектеріңізге шабыт берсін!

Сіздерге зор денсаулық, бейбітшілік, бақ-береке және ертеңгі күнге сенім тілеймін. Әр шаңырақта ынтымақ, жылу мен қуаныш орнасын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Сондай-ақ салтанатты жиынға тыл еңбеккері Владимир Николаевич Калинин



катысып, қария жастық шағы еңбекпен өткенін айтып, осылайша, оның замандастары Жеңісті жақындатқанын тілге тиек етті. Тыл еңбеккері сол бір ауыр жылдардағы естеліктерімен бөлісіп, жастық шағындағы қиындықтар мен ел үшін атқарған еңбегін еске алды.

Мереке одан әрі орталық алаңға ауысып, музыка мен өнерге толы, бірлік пен шаттыққа бөленген жарқын концерттік бағдарламамен ұласты.

Сондай-ақ, бұл күні барлық қонақтар үшін дала асханасы ұйымдастырылып, онда халық ыстық солдат ботқасынан дәм татуға мүмкіндік алды.

Ұлы Жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шара кешкі концертпен жалғасып, сахна төрінде ерлік пен елдік рухын дәріптейтін патриоттық және әскери әндер шыққалды. Майдан жылдарының әндері жүректерге рух беріп, халқымыздың батырлығы мен қайсарлығын еске салып, көрерменге ерекше әсер сыйлайды.

Мерекелік кештің жарқын қорытындысы ретінде Ұлы Жеңіс құрметіне әсем мерекелік отшашу ұйымдастырылып, аудан тұрғындары мен қонақтарына сәттен кетпес әсер сыйлады.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
суреттері түсірген автор.



АУДАНДА ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ ӨРШІП ТҮР



Кеңес басталмас бұрын Рахат Смағұлов аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарған Азамат Шәріповке басқа қызметке ауысуына байланысты алғыс білдіріп, ауданның өлеуметтік саласын дамытуға қосқан көпжылдық адал еңбегі мен жоғары кәсібилігі үшін Құрмет грамотасын табыстады.

2021 жылдың сәуір айынан бастап 5 жылдан астам уақыт бойы аудан әкімінің өлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметін атқара отырып, Сіз ауданның өлеуметтік саласын абыроймен үйлестірдіңіз. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, халықты өлеуметтік қорғау және ішкі саясат салаларына ерекше көңіл бөліп, кәсіби біліктілігіңіз бен жауапкершілігіңіздің арқасында көптеген маңызды өлеуметтік бастамалар мен жобалардың жүзеге асуына үлес қостыңыз.

Сіздің еңбегіңіз, мол тәжірибеңіз бен мемлекеттік қызметке деген адалдығыңыз - өріптестеріңіз бен жас мамандар үшін әрдайым үлгі болып қала береді. Бірлескен жемісті жұмыс үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, жан жылуы мен ұзақ ғұмыр тілейміз! Әрдайым туған-туыстарыңыздың ортасында қуанышқа бөленіп, алдағы уақытта жаңа қызметіңізде сәттілік тілейміз, - деді Рахат Назымбекұлы.

Сонымен қатар, Азамат Сайранұлының еңбек жолындағы өріптестері де оған алғыс білдіріп, алдағы қызметіне табыс тіледі.

Жиын одан әрі аппараттық кеңеске ұласып, алғашқы сұрақ бойынша полиция бөлімінің бастығы Асан Мейрамов сөз алып, интернет-алаяқтыққа қарсы қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

2026 жылдың өткен кезеңінде интернет-алаяқтықтың 12 фактісі тіркелді (Бөйтерек ауылы - 4 факт, Қарақоға ауылы - 2 факт, Возышевқа ауылы - 2 факт, Пролетарка, Полтавка, Береке, Чистовское ауылдарында - 1 факт), жалпы шығын 58 855 553 теңгені құрады. Ал өткен жылы 17 факт тіркеліп, жалпы шығын - 26 658 959 теңгені құраған болатын. Биылғы жылдың басынан бері ауыр қылмыстардың есімі өткен жылмен салыстырғанда 1 фактіден 8-ге жетіп отыр.

Барлық қылмыстар бойынша жедел-іздестіру іс-шаралары және оларды ашуға бағытталған тереу іс-әрекеттері жүргізілуде. Тәжірибе көрсеткендей, көбінесе ақша басқа елдердің банкітерін шоттарына аударылады, бұл күдікті тұлғаларды анықтау ісінде қиындық туғызады.

12 мамыр күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтіп, оған Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік және аумақтық органдардың басшылары қатысты.



Өткен кезеңде барлығы 3 интернет-алаяқтық іс бойынша зардап шеккендерге 405 000 теңге, 350 000 теңге және 370 000 теңге қайтарылды. Сондай-ақ, жедел іздестіру іс-шаралары барысында криминалдық полиция қызметкерлері аудан тұрғынының өтініші бойынша алаяқтардың делдалы болып табылатын Қостанай қаласының тұрғынын анықтап, ол жібірленушіге келтірілген залалды, яғни 18 600 000 теңге сомасын өтеді.

Тұрақты негізде «Вести» және «Мағжан жұлдызы» атты жергілікті басылымдарда интернет-алаяқтықтың жаңа схемалары туралы профилактикалық материалдар жарияланады. Өрәлі аудандық округтерде және Булаев қаласында «what's app» топтары құрылды, онда тұрғындар үшін алаяқтардың құрбаны болмау туралы ақпарат орналастырылады. Ағымдағы жылдың басынан бастап әкімдіктермен және білім бөлімдерімен: оқушылармен және ата-аналармен 40-тан астам кездесу өткізіліп, алаяқтардан қорғау тәсілдері түсіндірілді. Банкітермен (Еуразиялық банк, Нұлық банк): күдікті аударымдарды жедел бұғаттау және клиенттерді ақпараттандыру тетігі пысықталды.

Сондай-ақ, Булаев қаласының әкімшілік ғимараттары бойынша профилактикалық бейнероликтер орналастырылды, атап айтқанда, аудандық емханада және Булаев қаласының ХҚКО мекемесінде. «Сервистік полиция» қағидатын іске асыру шеңберінде күнделікті негізде жаяу патрульдердің азаматтардың жаппай болу орындарына шығуы қамтамасыз етіледі. Интернет-алаяқтықтың атаулы профилактикасына басты назар аударылды: қызметкерлер eGov mobile мобильді қосымшасында «банктік қарыздарды аудан ерікті түрде бастарту» сервисін белсендіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және халыққа практикалық көмек көрсетеді.

Барлық ауылдық округтерде баннерлер, жадынамалар, буклеттер дайындау бөлігінде жергілікті атқарушы органдарға хаттар тұрақты негізде жолданады. Осылайша, аудан аумағында барлығы 15 профилактикалық баннер орнатылды, - деді Асан Қайдарұлы.

Екінші мәселе бойынша жер қатынастары бөлімінің басшысы Алмас Сәрсенов сөз сөйлеп, жер ресурстарын ұтымды пайдалану төңірегінде ақпарат ұсынды.

Қағидаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану: - жердің құнарлығын сақтау және арттыру (жалпы ғұмыстың, жеңіл гидролизденетін азоттың, жылжымалы



фосфордың және егістік горизонттағы алмасу калийінің белгілі бір деңгейі);

- негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігінің белгілі бір деңгейін ұстап тұру және арттыру;

- мал шаруашылығы өнімдерін өндіру кезінде жайылымдарға оңтайлы жүктемені қамтамасыз ету;

- ауыл шаруашылығы алқаптарының шаруашылық айналымын шығын болдырмау, жердің арамшөппен басылуына және ағаш-бұта есімдіктерімен өсуіне, сондай-ақ тұрмыстық және өндірістік қалдықтармен қоқыстануына жол бермеу болып табылады.

2025 жылы 819 га алаңда ғұмыстың 5%-дан астам төмендеуі бойынша 3 шаруашылық тексеру жүргізілді. Оларға ескертулер беріліп, салықтардың 20 есе өсуі есептелді. Ағымдағы жылы бөлім агрохимиялық қызметтің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының 2017 және 2024, 2018-2025 жылдар кезеңдерінде агрохимиялық тексерудің екі кезеңінің нәтижелерін талдау жүргізді. 8868 га алаңдағы 7 шаруашылық бойынша азот, фосфор, калий құрамының көрсеткіштерінің бірінің 20%-дан астамға төмендеуі анықталды. Осы факті бойынша жер ресурстарын басқару департаментіне хат жолданды, енді тексеру жүргізілмек.

Жайылымдарды ұтымсыз пайдаланудың көрсеткіші ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті санының болмауы болып табылады. 2025 жылы 18791 га жайылым алаңын тексеру үшін жер ресурстарын басқару департаментіне 21 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің тізімі жіберілді.

Ағымдағы жылы тексеруге 8347 га алаңы бар 5 АШТӨ жіберілді. Егістікті пайдаланбау жағдайларына - ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үшін жер учаскесін өңдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізбеу де жатады. 2025 жылы жерді пайдалану мониторингі барысында 8183 га алқапқа егістік жерлерді өңдемейтін 11 агроқұрылым анықталды. Бұл шаруашылықтарға тексеру жүргізу үшін жер ресурстарын басқару департаментіне хат жолданды. Тексеру 2 шаруашылық бойынша аяқталды, енді тағы 1 шаруашылық қалды, - деді Алмас Мәулітұлы.

Барлық сұрақтарды талқылау қорытындысы бойынша аудан әкімі Рахат Смағұлов интернет-алаяқтықтың алдын алу жұмыстарын күшейту, халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын арттыру, сондай-ақ жер ресурстарын тиімді пайдалану және осы саладағы бақылауды күшейту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖООҢ МІНДЕТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР:

ТАЗА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ДЕГЕН ӨЗ ҚҰҚЫҒЫМЫЗДЫ ҚАЛАҰ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?



Қазіргі қоғам экологиялық құқықтардың адам құқықтары мен бостандықтары жүйесінің ажырама бөлігі ретіндегі маңыздылығын айқын түсінуде. Қолайлы қоршаған ортаға деген құқық Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген және лайықты өмір деңгейінің, денсаулық пен азаматтардың әл-ауқатының негізгі көпідіктерінің бірі болып табылады. Алайда құқықтардың өзін-өзі бар болуы олардың нақты қорғалғандығын білдіре бермейді - іс жүзінде жүзеге асыру мен қорғау тетіктері мәселесі өзекті болып қала береді.

Экологиялық құқықтарға таза ауаға, кәуіпсіз суға, сапалы азық-түлікке құқық, сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйі туралы сенімді ақпаратқа қол жеткізу кіреді. Әрбір азамат өз өңірінде қандай экологиялық тәуекелдер бар екенін білуге және қоршаған ортаның жағдайына өсер ететін шешімдер қабылдауға қатысуға құқылы. Өз құқықтарын қорғаудағы алғашқы

қадам - ақпараттандырылу. Азаматтар мемлекеттік органдарға жүгініп, экологиялық ақпарат алуға құқылы. Жергілікті атқарушы органдар мұндай мәліметтерді белгіленген тәртіппен ұсынуға міндетті. Егер ақпарат жасырылса немесе толық көлемде берілмесе, бұл құқық бұзушылық болып табылады.

Екінші маңызды құрал - шағымдар мен өтініштер беру. Экологиялық заң бұзушылықтар анықталған жағдайда азамат уәкілетті органдарға жүгінуге құқылы. Құқық бұзушылық фактілерін тіркеу маңызды - фотосуреттер түсіру, дәлелдер жинау, күндері мен мей-жайларын жазып алу қажет.

Үшінші қорғану тетігі - қоғамдық талқылаулар мен экологиялық сараптамаларға қатысу. Заңнама халықтың қоршаған ортаға өсер етуі мүмкін жобаларды қарауға қатысу мүмкіндігін қарастырады. Азаматтардың белсенді қатысуы неғұрлым төңігерімді және кәуіпсіз шешімдердің қабылдануына ықпал етеді.

Экологиялық құқықтар міндеттермен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Әрбір адам табиғатқа ұқыпты қарауға, экологиялық нормаларды сақтауға, қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттерге жол бермеуге тиіс. Мемлекет пен азаматтардың жауапкершілігі үйлескен жағдайда ғана тұрақты экологиялық әл-ауқатқа қол жеткізу мүмкін.

Жанат ЖҰМАБАЕВ,
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің
СҚО бойынша өкілі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - БАРШАҒА ОРТАҚ ІС

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Бұл кесел дамуы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының

негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағмы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Нария МЕНДІБАЕВА,
аудандық соттың бас маманы.

2026 ЖЫЛДЫҢ 2-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат бөлімінің басшысы - Нұрқайдарова Сәуле Ерікқызы әр Бейсенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56. Тел 2-20-90.

Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сұрағанова Динара Жаспанқызы - әр

дүйсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 45. Тел 2-20-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің өкімі - Көжеболатов Ермек Сәлімжанұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел 2-63-36.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі» КММ - 8(71531) 2-20-90.
«Мағжан Жұмабаев ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»

КММ - 8(71531) 2-20-33.
«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 2-63-36.

ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ

Біздің мемлекетте бизнесті дамыту үшін көп жағдайлар жасалуда. Тиімді реформалар электрмен жабдықтау жүйесіне де әсер етті. Бүгін ол жөнінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Мейрамғали Қабдыұлы Кәкібаев талпынғақ түсіндіреді.

ҚОСЫЛУ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

Электр энергетикаға қатысты заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалға, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №143 бұйрығымен бекітілген, электр энергиясын пайдалану Қағидаларына сәйкес электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін техникалық шарттарды беру мерзімі қысқартылды.

Мейрамғали Қабдыұлы, тағы не өзгергені туралы айтып берсеңіз екен?

Құрылыс-монтаж жұмыстарына рұқсат алу қажеттілігі жоқ. Енді жобалаушыға мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына жұмыс басталуы туралы хабарландыруды электрондық нысанда жолдау жеткілікті. Одан бөлек, мемлекеттік энергетикалық бақылау және қадағалау органынан электр желілеріне қосылуға рұқсат алу талап етілмейді. Қазақстан аумағында энергия өндіретін, энергия беруші ұйымдары мен тұтынушылары электр энергиясын пайдалану реті жоғарыда көрсетілген қағидаларымен анықталады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 172 бабының 6 тармағына сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымы тұтынушымен энергиямен жабдықтау жеке шартын жасаудан бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылды.

Энергетикалық сараптауды өткізу қажет пе?

Желіге қосу алдында энергетикалық сараптауды өткізу қажет емес.

Электр желісіне қатынауды қалай алуға болады?

Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым желісіне рұқсат алу үшін көп пәтерлі құрылыстарда тұратын тұтынушыларды қоспағанда, әрбір тұтынушыға техникалық шарттар беріледі. Қағиданың 12-тармағына сәйкес энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым қосылу үшін техникалық шарттарды мынадай жағдайларда:

- энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желілеріне жаңа енгізілген немесе жаңартылған электр қондырғыларын қоспағанда;
- тұтынылатын электр қуаты бұрын берілген техникалық шарттарда белгіленген қуаттан артқанда;
- электрмен сырттай жабдықтау схемасы өзгергенде;
- тұтынушының электр энергиясы қабылдағыштарын электрмен жабдықтау сенімділігінің санаты өзгергенде береді;
- тұтынушының жазбаша келісімі болған кезде бұрын берілген техникалық шарттарда көрсетілген қуаттан тұтынылатын электр қуатын азайтқан жағдайда.

Техникалық шарт қандай мерзімде беріледі?

Тұтынушы электр желілеріне қосылу үшін техникалық шарттар нысандағы етініш беріледі. «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының (өрі қарай - Заң) 24 тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосу немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге етініш бес жұмыс күні ішінде қаралады, техникалық шарттарды алу мерзімі 14 күннен 5 жұмыс күніне қысқартылды.

Салынып жатқан объектілерге техшарттар қажет пе?

Салынып жатқан объектілерді электрмен жабдықтау үшін құрылыс кезінде тұтынушыға уақытша техникалық шарттар беріледі.

Техшарттарды беруден бас тарту

қарастырылған ба?

Электр энергиясын тарату ұйымының электр желілеріне немесе энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларына қосылу үшін техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда техникалық шарттар берілмейді.

Бұдан басқа, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 301-1 бабында электр және жылу желілеріне қосылуға құжаттарды қабылдау және (немесе) техникалық шарттарды беруден бас тарту тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылды.

Техникалық шарттарда не көрсетіледі, техникалық шарттарды беру және қайта ресімдеу үшін төлем алына ма?

Техникалық шарттарды беру және қайта ресімдеу үшін ақы алынбайды. Қағиданың 17 тармағында тұтынушы энергия беруші ұйымның электр желілеріне немесе энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларына жалғауға берілетін техникалық шарттар мәтінінде талаптар белгіленген. Электр желісіне қосылуға өтініш берген тұтынушыларға, 17 тармақта көрсетілген талаптардан басқа, қосымша талаптар қою заңсыз екенін атап өткізем.

Жобалау құжаттамасына келісім алу мерзімі қандай?

Заңның 10 тармағының 6 тармақшасына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметке қолжетімділік ұсынылған кезде табиғи монополия субъектісіне: құрылыс жұмысының табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарға сәйкестігіне келісуді талап етуге тыйым салынады.

Жеке тұлға үшін электр қондырғыларына жобалау құжаттамасы қажет пе?

Тұтынушылар (жеке тұлғалар) энергия беруші ұйымға жүгінген кезде, оның қажеттілігі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңының (сәулет, қала құрылысы және (немесе) құрылыс қызметіне жататын жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу, жобалау, реконструкциялау) талаптарына негізделген жағдайларды талаптарына негізделген жағдайларды қоспағанда, электр қондырғыларына арналған жобалық құжаттама талап етілмейді.

Сондықтан, жобалық құжаттаманың болуы заңмен міндеттелмесе, энергия тарату ұйымының тұтынушыға (жеке тұлғаға) кернеу беруін жобалық құжаттаманың жоқтығына байланысты бас тарту заңсыз әрекет.

Тұтынушының энергия беруші ұйымы электр желілеріне қандай мерзімде қосады?

Энергия таратушы немесе энергия өндіруші ұйым тұтынушы анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін, оның электр қондырғыларын тұрақты пайдалануға өз электр желілеріне қосады.

Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалануға беру кезінде энергия таратушы немесе энергия өндіруші ұйым тарапынан кернеу беру келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- Энергия таратушы немесе энергия өндіруші ұйым тұтынушы тарапынан электр қондырғыларын қосуға арналған материалдар ұсынылғаннан кейінгі келесі 1 (бір) жұмыс күні ішінде сыртқы қосылу мен электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесіне тексеру жүргізіп, пайдалануға беру мүмкіндігі туралы қорытынды шығарады.
- Энергиямен жабдықтаушы ұйым электрмен жабдықтау шартының жасалғаны туралы энергия таратушыға (энергия өндіруші ұйымға) 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Энергия таратушы (энергия өндіруші) ұйым электрмен жабдықтау шартына қол қойылғаннан кейінгі келесі 1 (бір) жұмыс күні ішінде тұтынушының электр қондырғыларына кернеу береді.

Тұтынушыға электр энергиясын қосу және беру тек коммерциялық есепке алу жүйесі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Сұхбатыңызға рақмет.



ОҚУШЫЛАР ШЕКАРАШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ



Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау және жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубымен «Қасқат» шекара заставасында бірқатар көрме жұмыстары ұйымдастырылып, өткізілді.

Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты – жасөспірімдерге әскери қызметтің маңыздылығын түсіндіру, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықты арттыру, сондай-ақ шекара қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру болды.

Көрме барысында қатысушыларға шекара қызметінде қолданылатын арнайы техникалар мен құрал-жабдықтар, әскери киім үлгілері, қару-жарақ макеттері және тарихи материалдар таныстырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының шекара қызметінің қалыптасу тарихы, жетістіктері мен ерлік істері туралы ақпарат берілді.

Іс-шараға қатысқан клуб мүшелері белсенділік танытып, қойылған

сұрақтарға жауап беріп, өздерінің білімдерін көрсетті. Көрме барысында тәжірибелік түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әскери тәртіп пен жауапкершіліктің маңыздылығы атап өтілді.

Өткізілген іс-шаралар жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттырып, патриоттық тәрбиені нығайтуға оң әсерін тигізді.

Қорытындылай келе, «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубымен өткізілген көрме жұмыстары өз мақсатына жетіп, жоғары деңгейде ұйымдастырылды деп бағаланды.

Бекболат БЕКТАЙ,
«Қасқат» шекара заставасы бастығының орынбасары, лейтенант.

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚЫСТАЙТЫН АРАМШӨПТЕР –

сіздің өніміңізге төнген көрінбейтін қауіп



Төменде осы арамшөптер тобының негізгі сипаттамалары мен олармен күресу әдістері келтірілген:

Таралған түрлері

Ең жиында қыстайтын арамшөптерге мыналар жатады:

- Көмдігі қалташа
- Дала таспабөбі
- Иссіз түймедақ
- Көк гүл
- Дала шөгіргүлі

Нәліктен олар қауіпті?

Ерте дамуы: Көктемде олар қар ерісмен бірден өсе бастайды, ылғал мен қоректік заттарды тұтынуға мәдени дақылдардан өзіп кетеді.

Жоғары өнімділігі: Бір қалташа өсімдігі 70 000-ға дейін тұқым береді, олар топырақта 6-10 жылға дейін өну қабілетін сақтайды.

Төзімділігі: Күзде қалыптасқан тамыр жүйесінің арқасында олар көктемгі аяз бен қуаңшылықты жас мәдени дақылдарға қарағанда жақсырақ көтереді.

Күрес стратегиясы

1. Агротехникалық әдістер

- Топырақты қабаттан өңдеу: Алдыңғы дақылды жинағаннан кейін бірден сабанды қосыту арамшөп тұқымдарының өнуін қоздырады, ал кейінгі терең күздік жұрту өнген сабақтарды жоюды.

- Көктемгі тырмалау: Күздік дақылдар егісіндегі вегетацияны қалпына келтірудің алғашқы кезеңдерінде қыстайтын арамшөптерді тиімді жоюды.

- Ауыспалы егісті сақтау: Егу уақыты

Қыстайтын арамшөптер ауыл шаруашылығы үшін ерекше қиындық тудырады, өйткені олар жоғары бейімделгіштікке ие: қолаулы жағдайда олар күздік дақылдар сияқты әрекет етеді (күзде өсіп, розетка фазасында қыстауды), ал көктемде өнген кезде жаздық дақылдар ретінде дамиды.

әртүрлі дақылдарды кезектестіру арамшөптердің топырақты өңдеу цикліне бейімделуіне кедергі жасайды.

2. Химиялық әдістер

- Гербицидтерді күзде қолдану: Күздік дөңді дақылдар егісінде арамшөптердің өсу фазасында жою тиімдері (күзде), өйткені қыстап шыққан өсімдіктер көктемде препараттарға анағұрлым төзімді болады.

- Жалпай әсер ететін гербицидтер: Күзгі топырақты негізгі өңдеу кезінде глифосаттарды қолдану егістік алқаптарын көктемгі егіске дейін тазартуға көмектеседі.

- Селективті (таңдамалы) препараттар: Астық тұқымдастарының түптену фазасында сульфонилмочевина, 2,4-D, МЦПА немесе флорасулам негізіндегі гербицидтерді пайдалану.

Қыстайтын арамшөптер көбінесе зиянкестер мен аурулардың (крестгүлді бұрға немесе қырыққабат киласы) резерваты болып табылады, сондықтан олардың санын бақылау тек ағымдағы дақылдың өнімділігін сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы алқаптың фитосанитарлық жағдайы үшін де маңызды.

Инсектицидтерді таңдау «Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (ұлы химикаттар) анықтамалығына» сәйкес жүргізілуі тиіс.

Айман ЖАНЫБЕКОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК РММ
«РФДЖӨО» аудандық филиалының бас гербологы.

АУДАН ӘКІМІ ЕҢБЕК АРДАҒЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Ұлы мереке – Жеңіс күні қарсаңында аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласының тұрғыны, тыл еңбеккері әрі еңбек ардагері Мария Дитятываға арнайы барып, құрмет көрсетті. Аудан әкімі соғыс жылдарындағы жаңқиярлық еңбегі мен елді соғыстан кейін қалпына келтірудегі үлесі үшін шынайы алысын білдірді.

Мария Анисимовнаның өмір жолы — қайсарлық пен өмірге деген жігердің жарқын үлгісі. Ол 1939 жылғы 5 мамырда Барашки ауылында дүниеге келген. Екі жасында соғыстың ауыр зардабын көрді — 1941 жылы әкесі майданда қаза тапты. Балалық шағы қиындыққа толы болды: білім алу үшін басқа балалармен бірге апта сайын Конохово ауылындағы мектепке дейін 12 шақырым жолды жаяу жүріп өтіп, иықтарына азық-түлік салынған сөмкелерін арқалап баратын.

Еңбек жолын 15 жасында Қарағандыдағы байыту фабрикасында бастады. Омбы қаласындағы техникалық училищені тәмамдаған соң Булаевоға оралып, теміржол саласында 42 жыл еңбек етті. Тауар кассирінен аға тауар кассиріне дейінгі жолдан өтіп, кәсібиліктің үлгісіне айналды.

Оның еңбегі «Еңбек ардагері» медалімен, социалистік жарыс жеңімпазы белгісімен және Жеңістің 80-жылдығы мерейтойлық медалімен атап өтілген.

Механикаландыру учаскесінің бастығы және депутат ретінде ауданның дамуына үлкен үлес қосқан жұбайы Александр Михайловичпен бірге олар үш баланы тәрбиелеп өсірді. Бүгінде Мария Анисимовна — бақытты әже атанып, 4 немере мен 4 шөберенің қызық-қуанышын көруде.

Рахат Смағұлов Мария Анисимовнаға көп жылғы адал еңбегі мен туған өлкесіне адалдығы үшін алғысын білдірді. Аудан әкімі мұндай адамдардың өмір жолы үлгі-өнеге және болашақ ұрпақ үшін шынайы патриотизмнің үлгісі болып табылатынын атап өтіп, оған зор денсаулық пен ұзақ өмір тіледі.



ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ ЗОР

Мағжан жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы Айзада Рахметова «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қайнолла Сматавпен бірге ардақты еңбек ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады.



Алдымен олар Сарытомар ауылында тұратын Шахметова Қалия үйіне барды. Қалия Көпейқызы 1934 жылы қазіргі Аққайың ауданының Үлгі ауылында дүниеге келген. Батыр ана 10 бала тәрбиелеп өсіріп, бүгінде 45 немере мен 35 шөбере сүйіп отырған аяулы әже. Оның өмір жолы — төзімділік пен еңбекқорлықтың, аналық мейірім мен даналықтың жарқын үлгісі.

Сонымен қатар, бұл күні тыл еңбеккері Қоқышева Демелі Әбдікөлікқызына да құрмет көрсетілді. Демелі Әбдікөлікқызы 1932 жылғы 27 қарашада дүниеге келген. Ол — сұрапыл соғыс жылдарында аянбай еңбек етіп, елдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан аға буын өкілі.

Барша ардақты әжелеріміз бен ардагерлерімізге ерен еңбектері, өмірлік даналықтары және енегелі ғұмырлары үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Дендеріне саулық, отбасыларына амандық, жақындарының қамқорлығы мен ұзақ ғұмыр тілейміз!



КЕЙУАНАНЫ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қайнолла Сматавпен, ауылдық округ әкімі Далип Шабдаевпен және ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Ысқақовпен бірге Қарағанды ауылына барды. Құрметті делегация ауылдық ардақты тұрғыны, еңбек ардагері Мәдина Ғабдәсқызы Жүкенованы 90 жас мерейтойымен құттықтады.



Салтанатты жағдайда мерейтой иесіне құттықтау хаты мен еңбекқорлықтың жарқын үлгісі. Оның көпжылдық адал еңбегі мен туған өлкенің дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін шынайы алғыс айтылды.

Мәдина Ғабдәсқызының тағдыр жолы — төзімділік пен еңбекқорлықтың жарқын үлгісі. Ол 1936 жылы Үшқызыл ауылында дүниеге келген. Әкесі Құдайбергенов Ғаббас 1941–1946 жылдары Ұлы Отан соғысының майдандарында болған кезде, ол тылда үлкендерге көмектесіп, Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты.

Мәдина Ғабдәсқызы өмірінің көп бөлігін мал шаруашылығы саласына арнады. Алғашында

Аралағаш ауылында еңбек етсе, 1981 жылдан бастап Қарағанды ауылында жұмысын жалғастырды. Жұбайы Кенжебай Жүкеновпен бірге алты бала тәрбиелеп өсіріп, оларға еңбекке және туған жерге деген сүйіспеншілікті сіңірді. Ана ретіндегі еңбегі үшін мерейтой иесі «Күміс алқа» алқасымен марапатталған. Бүгінде ол 14 немере мен 20 шөберенің қуанышына бөленіп отыр.

Аудан басшылығы мен қоғам өкілдері Мәдина Ғабдәсқызының өмір жолы қазіргі жастар үшін даналық пен еңбекқорлықтың өнегесі екенін атап өтті. Қонақтар мерейтой иесіне зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй және жақындарының ортасында ұзақ ғұмыр тіледі.

БАТЫР АНА ҚАШАН ДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ



Аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қайнолла Сматавпен, ауылдық округ әкімі Далип Исабаевпен және ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Ысқақовпен бірге Надежда ауылына барды. Қонақтар ауылдың құрметті тұрғыны, отбасы құндылықтарының сақтаушысы әрі еңбек ардагері Шайза Көкенқызы Елубаеваға арнайы барып, құрмет көрсетті.

Шайза Көкенқызының өмір жолы — ерлік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарындағы тынымсыз әрі адал еңбегі үшін ол тыл еңбеккері ретінде танылып, Жеңіс күніне арналған көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған. Оның тағдыры — сынаққа толы дәуір мен адам рухының мықтылығының көрінісі.

Шайза Көкенқызының өмірінде аналық ерліктің орны ерекше. Бала туып, тәрбиелегені үшін ол жоғары «Батыр ана» атағына ие болған. Жұбайы Фазыл Жаныбайұлымен бірге, ол да тыл еңбеккері болып, Калинин атындағы совхоздың мал шаруашылығы фермасында өмір бойы еңбек

еткен, отбасы құндылықтарының берік негізін қалыптастырды. Бүгінде Шайза Көкенқызы үлкен әулеттің тірегі болып отыр — 12 немере мен 16 шөберенің сүйікті әжесі.

Қазіргі уақытта ол Надежда ауылында ұлымен бірге тұрып, өмірлік даналығы мен сергек рухын сақтап келеді.

Кездесу барысында Азамат Шәріпов Шайза Көкенқызына қоғамның дамуына және адамгершілік құндылықтарды сақтауға қосқан үлесі үшін алғысын білдірді. Қонақтар мұндай жандардың қас ұрпақ үшін өнеге әрі тірі аңыз екенін атап өтіп, оған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және жақындарының ортасында амандық тіледі.

«ЕРЛІКKE ТАҒЫМ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ»



Ұлы Жеңістің 81-жылдығы қарсаңында Бинаш ауылында қасиетті әрі тарихи сәт орын алды. Елді мекенде Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жерлестерімізге арналған ескерткіштің ресенсирүақиядан кейінгі салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл оқиға – ел үшін жанын құтқан боздақтарға мәңгілік тағзым, ұрпаққа үлгі, тарихқа құрмет ретінде қабылданды.

Тағылымды шараға аудан әкімінің өлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов, ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Ысқақов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қайнолла Сма- тов, елдің түкпір-түкпірінен келген ауыл тумалары, соғыста қаза тапқан батырлардың және бейбіт өмірде қайтыс болған ардагерлердің ұрпақтары қатысты.

1941-1945 жылдардағы соғыста ерлікпен қаза тапқан жерлестерімізге арналған ескерткіштің бетін ашу құрметі аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріповке және ауыл ақсақалы Ағыбай Жаманбаевқа берілді.

Салтанатты сәтте уақыт пердесі түріліп, ерлікке тағзым етілер кез туды. Мәңгілік алауға айналған ерлік – жүрегімізде, есімдері ел жадында, ерлігі ұрпаққа үлгі екені паш етілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалғаннан кейін сөз алған Азамат Шәріпов жаңадан салынған ескерткіш батыр бабаларымыздың ерлігін еске салып, оларға тағзым етудің үлгісі болатынын айтты.

– Құрметті Бинаш ауылының тұрғындары! Қадірлі қауым! Бүгін біз Бинаш ауылында тарихи мәні зор, терең мағыналы оқиғаның куәсі болып отырмыз. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында, жаңадан салынған, Ұлы Отан соғысының батыр-ларына арналған жаңа ескерткішті ашып отырмыз.

Бұдан 81 жыл уақыт бұрын ата-бабаларымыз адамзат баласын фашизмнен құтқарып, бейбітшілік пен бостандықты қорғап қалды. Жеңіс — оңай жолын жоқ. Ол — миллиондаған тағдырдың, ата-ананың көз жасының, жас ұрпақтың болашағы үшін төгілген қанның құны.

Сол жылдары осы ауылдан 80 адам майданға аттанды. Олар өз жерінің ең таңдаулы перзенттері, болашаққа деген үміті мен жоспары зор азаматтар болатын. Өкінішке орай, тағдырдың жазуы басқаша болды: туған шаңырағына, отбасыларына, олардың тек жартысы ғана оралды. Қалғандары мәңгілік шайқас алаңдарында қалды. Бүгінгі тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді.

Бүгін біз жай ғана ескерткішті емес, біз мәңгілік алғыс пен тағзымның символын ашып отырмыз. Ұлы Отан соғысы әрбір отбасының тарихында ешпес із қалдырды. Бұл обелиск батырларымыздың ерлігіне тағзым ететін киелі орынға айнал-сын.

Біздің басты міндетіміз — сол батырлардың ерлігін ұмытпау, олардың рухына тағзым ету және бейбіт өмірді сақтап, елімізді дамыту, асыл мұраны лайықты түрде қастерлеу.

Құрметті ауыл тұрғындары Сіздерге мереке қарсаңында мықты денсаулық, ынтымақ және ашық аспан тілеймін.

Ер есімі — ел есінде! Батырларға - мәңгілік тағзым, - деді Азамат Сайранұлы.

Сондай-ақ жиында ардагерлер кеңесі төрағасының орынба-сары Серік Ысқақов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Қайнолла Сма- тов, Қарағанды қаласынан келген Ербай, Үміт пен Мүслима Пішенбаевтар ауылда ескерткіш салуға бастамашы болып, салынғанша басы-қасында жүрген ауылдастары Нурлан Еламановқа, Төлеу Көшершин мен Айдарбек Темірбековке алғыс айтып, иықтарына шапан жапты.


Іс-шара барысында аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық өндер орындап, көрермендерге ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Иә, бұл игілікті іс - ел тарихына тағзым жасап, ерлікке құрмет көрсетудің жарқын көрінісі. Қойылған ескерткіш – тек жай тас емес, бұл – тарих. Бұл – әр отбасының жүрегіндегі естелік. Бүгінгі бейбіт өмір – батыр бабаларымыздың бізге қалдырған ең үлкен аманаты. Сондықтан олардың көзсіз ерлігі мәңгі жүрегімізде сақталмақ.

Осы бір сөзді іспен дәлелдеген Бинаш ауылының тұрғындары осы күні ата- бабалар рухына Құран бағыштап, ерліктерін еске алып, ас берді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.
суреттерді түсірген автор.





Дүйсенбі, 18 мамыр	Сейсенбі, 19 мамыр	Сәрсенбі, 20 мамыр	Бейсенбі, 21 мамыр	Жұма, 22 мамыр	Сенбі, 23 мамыр	Жексенбі, 24 мамыр
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.10, 03.15 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 ТАНШОЛПАН. 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.20 «АПТА». 15.00 «АҚОРДА». 15.15 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.50 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 02.15 «СҮЛЕЙМЕНОВ ФЕНОМЕН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.10, 03.15 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАНШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.20, 02.05 «АҚСАУЫТ». 15.05 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 03.15 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАНШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.20, 02.05 ЗАҢ АЛДЫНДА. 14.40 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 03.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАНШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.20, 02.05 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 14.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.10, 03.30 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАНШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.20 Д/Ф. 15.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.00 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 01.10 АҚПАРАТ. 06.05 «АУЫЛДАСТАР». 06.35, 02.30 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 8:10 «СҮЛЕЙМЕНОВ ФЕНОМЕН». 8:30 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ!». 09.30, 02.00 Д/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «PRIME ERA». 12.25 ЖУБАНЫШ ЖЕКСЕНУЛЫНЫҢ КОНЦЕРТІ. 14.30 М/Ф. 15.40 «ӨМІР СҮРУДІ ҮЙРЕТ», Х/Ф. 17.40, 01.20 ҚОС ПАЛАТА. 20.10, 01.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.30 ҚАЙЫРЛЫ КЕШ! 22.10 «АННА МЕН ӨМІРШ», Х/Ф.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «АУЫЛДАСТАР». 06.15, 01.55 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.50 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.10 «ӨМІР СҮРУДІ ҮЙРЕТ», Х/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 ҚАЙЫРЛЫ КЕШ! 13.40 М/Ф. 14.45 «АННА МЕН ӨМІРШ», Х/Ф. 17.40, 01.40 АҚОРДА. 20.00, 01.00 АПТА. 20.40 STRANGER. 23.20 «МЕНЦІ АТЫМ ҚОЖА», Х/Ф. 03.25 «НЖУ-МАРЖАН».

Дүйсенбі, 18 мамыр	Сейсенбі, 19 мамыр	Сәрсенбі, 20 мамыр	Бейсенбі, 21 мамыр	Жұма, 22 мамыр	Сенбі, 23 мамыр	Жексенбі, 24 мамыр
ХАБАР 05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 COVER SHOW. 14.00 ӘЛЕУМЕТ. 14.30 КӨЗҚАРАС. 15.00 «СЫН РЭМБО», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «РОККИ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 15.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «РОККИ-2», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «РОККИ-2», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «РОККИ-2», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «РОККИ-3», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 НЕОСЕТЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «РОККИ-3», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «РОККИ-4», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «РОККИ-4», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ШІКІРІ. 23.00 «РОККИ-5», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00, 00.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 «БАЛАМ ҮШІН...». 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 12.00 «РОККИ-5», Х/Ф. 14.00 XXI ҒАСЫР КӨНБАСШЫСЫ. 15.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КУН. 19.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 20.00 COVER SHOW. 22.00 «РОККИ БАЛЬБОА», Х/Ф. 23.45 «ҚАЙТАР МАҒАН». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.15 М/Ф «ТУРБОЗАВРЬ». 11.45 «РОККИ БАЛЬБОА», Х/Ф. 13.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 15.00 АЗАМАТ. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КУН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «КРИД: НАСЛЕДИЕ РОККИ», Х/Ф. 23.45 КОНЦЕРТ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 18 мамыр	Сейсенбі, 19 мамыр	Сәрсенбі, 20 мамыр	Бейсенбі, 21 мамыр	Жұма, 22 мамыр	Сенбі, 23 мамыр	Жексенбі, 24 мамыр
ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.20 АНАЛИТИКА. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.15 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 К 90-ЛЕТИЮ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА. 20.45 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 01.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 Д/Ф. 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 02.45 П@УТИНА. 08.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 09.00 «ВЫХОД», Х/Ф. 10.45 «ТАЙНА МАРШ», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE». 17.40 «ЗАМАНБАСК», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ПЕРЕЕЗД». 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 02.45 П@УТИНА. 06.35 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.15 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 07.40 «ПИТЕР-МОСКВА», Х/Ф. 12.15, 15.00 «ТАЙНА МАРШ», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ», Х/Ф. 17.40 «ОДИН ДЕНЬ ЛЕТА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АНЬКТАЙМЫЗ. Р.ӨТЕПБАЙМЕН». 21.40 «ПЕРЕЕЗД», Х/Ф. 01.45 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». 03.30 КЕШ ҚАЛМАЙЫҚ.

- Адамның басшысы - ақыл, шолушысы - ой, жетекшісі - талап, қорғаушысы - сабыр, сынаушысы - халық, таусылмайтыны - арман, ең қымбаттысы - ар сақтау, бәрінен ардақтысы - өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі - сыйластық.

Теле би ӘЛІБЕКҰЛЫ.



ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!**

Сіздерге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны басталғанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы:
жеке тұлғалар үшін - 2185 теңге,
заңды тұлғалар үшін - 3372 теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80,
редакция - 2-21-35.

МАМАЫРДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА НЕ ӨЗГЕРДІ?



Қазақстандықтар үшін мамырдан бастап бірқатар маңызды өзгеріс орын алғанын хабарлаймыз. Мобильді аударымдар тексеріліп, Ресей мен Беларусьтен келетін көліктерге утильалым өседі. Концерттерде фонограмма жасырылмайды. Сонымен қатар зейнетақы жүйесін жаңарту, әскери қызмет талаптарын күшейту жоспарланып отыр.

САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ

УТИЛЬ АЛЫМ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
КОНЦЕРТТЕ
ФОНОГРАММА
ҚОЛДАНЫЛАДЫ!

**МАМАЫР –
ЖАҒА ТАЛАПТАР МЕН
ҚАТАН БАҚЫЛАУ КЕЗЕҢІ**

5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

ХАБАРЛАМА
Сіздің аударымдарыңыз тексерілді. Егер қателіктер табылса, біз сізге хабарлама жібереміз.

ЗЕЙНЕТАҚЫ
ЖАҒА МОДЕЛЬ

КЕЛІСІМШАРТТӨЗ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТАЛАПТАР КҮШЕТІЗ

Қазақстанда мамыр айынан бастап мобильді аударымдарға салықтық бақылау күшейді. Банктен бірінші тоқсан бойынша мәліметтерді 15 сәуірге дейін тапсырды. Енді салық органдары күмәнді операцияларды саралап жатыр. Егер бір шотқа қатарынан үш ай бойы 100-ден астам адамнан ақша түсіп, жалпы сомасы 1 млн 20 мың теңгеден асса, иесіне хабарлама жолданады. Оны 30 күн ішінде түсіндіру қажет болады. Қаржы министрілігі бұл талап тек жасырын кәсіпкерлік белгілері бар жағдайларға қатысты екенін мәлімдеді.

Мамырдан бастап Ресей мен Беларусьтен әкелінетін автокөліктер мен арнайы техникаларға утильалымды есептеу тәртібі өзгерді. Соның салдарынан бұл елдерден кіретін көліктер үшін төлем бірнеше есе артуы мүмкін. Ал басқа мемлекеттерден импортталатын және Қазақстанда шығарылатын көліктер үшін бұрынғы шарттар сақталады.

2 мамырдан бастап концерт ұйымдастырушылары көрерменге фонограмма қолданылатынын алдын ала ашық ескертуге міндетті. Бұл ақпарат енді афишада, билет

сату орындарында және теле-радио жарнамада көрсетілуі тиіс. Мамыр айының соңына дейін зейнетақы жүйесін жаңартудың жаңа моделін таңдауы мүмкін. Қарастырылып жатқан нұсқалардың қатарында жұмыс беруші жарнасының бір бөлігін қызметкердің жеке шотына аудару бар. Сонымен қатар, еңбек өтіліне негізделген зейнетке шығу және сақтандыру төлемдері төрізді жүйелер бар. Айта кетейік, былдан бастап БЖЗҚ-дан төленетін қаражатқа салынатын 10 пайыздық салық та алынып тасталған.

4 мамырдан бастап келісімшартпен әскери қызметке кіретін азаматтарға қойылатын талап күшейді. Егер олардың табыс әкелетін бизнесі немесе үлесі болса, оны сенімгерлік басқаруға өткізуі тиіс. Білім саласында да өзгеріс бар. Быыл соңғы қонырау 23-24 мамыр күндері өтеді. Ал бірінші сыныпқа құжат қабылдау 27 мамырда басталады, 31 тамызға дейін жалғасады. Ұлттық бірінші тестілеу 10 мамырда басталып, 10 шілдеге дейін өтеді.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН «Е-ӨТІНІШ» ЖҮЙЕСІНЕ 5 ЖЫЛ:

цифрлық платформа мемлекет пен азаматтар арасындағы диалогты қалай өзгертті

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі құралына айналған «e-Отініш» платформасының жұмыс істей жатқанына 5 жыл болды. Осы уақыт ішінде ол өтініш беру процесін жеңілдетіп қана қоймай, мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимыл форматын түбегейлі өзгертті.

E-OTINISH: БЕС ЖЫЛ ІШІНДЕ 16 МЛН-НАН АСТАМ ӨТІНІШ ҚАРАЛДЫ

пынан жоғары сенімді көріп отырмыз және платформаны одан ары ыңғайлы өрі интеллектуалды ете түсудеміз. Соның ішінде, өтініштерді өңдеуді жеделдету және аналитика сапасын арттыру үшін ЖИ - агенттерді енгізу бойынша жұмыс істеп жатырмыз», - деп атап өтті Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Конякин.

- Бес жыл ішіндегі негізгі кезеңдер:
- * 2021 жыл - Бірыңғай жүйені іске қосу;
 - * 2022 жыл - ХҚКО-ларды қосу және eGov Mobile-да іске қосу;
 - * 2023 жыл - Азаматтарды қабылдау орталықтарын ашу;
 - * 2024 жыл - Электрондық петициялар механизмін енгізу;
 - * 2025 жыл - Пилоттық ЖИ-шешімдер мен Бірыңғай білім базасын енгізу.

Бүгінде жүйеге 26 мыңнан астам ұйым қосылған, ал өтініштерді өңдеуге 380 мыңнан астам қызметкер жұмылдырылған. Өтініш берушілер саны 3,2 млн адамға жетті. Платформа жұмыс істеген уақыт ішінде барлығы 16,2 млн-нан астам өтініш өңделді. Пайдаланушылар санының жыл сайынғы өсімі орта есеппен 42,6%-ды құрайды. Айта кету керек, жүйедегі шағымдардың үлесі төмен деңгейде, яғни 5-7% құрайды дегенмен, өтінімдердің негізгі бөлігі сұраным үлесінде, бұл азаматтардың жүйеге деген сенімдері мен сұранысының бар екенін дәлелдейді.

2025 жылы платформа арқылы азаматтардан 4 млн-нан астам, ал бизнестен 1 млн-ға жуық өтініш түсеті. Қазақстандықтар көбіне тұрғын үй коммуналды шаруашылығының, әлеуметтік қорғау, білім беру, жер қатынастары, қауіпсіздік пен құқық қорғау мәселелері бойынша жүгінеді.

Өтінішті eOtinish.kz сайты, eGov.kz порталы, eGov Mobile қосымшасы, сондай-ақ ХҚКО-лар мен «Нәтиже» орталықтарында беруге болады. Таяу арада ЖИ негізіндегі аналитикалық құралдарды дамыту және мемлекеттік қызметтердің сапасын одан ары арттыру жоспарлануда.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жүйе арқылы 5 миллионнан астам өтініш берілді. Бұл көрсеткіш сервисің танымалдылығын ғана емес, сонымен қатар азаматтар мен бизнес өкілдерінің кері байланыстың цифрлық құралдарына деген сенімін көрсетеді. 2021 жылғы 1 шілдеде іске қосылған сәттен бастап «e-Отініш» барлық өтініш беру арналарын біріктіріп, біртұтас экожүйеге айналды.

Пайдаланушылар сұраныстар мен шағымдар жіберіп қана қоймай, өтініш мәртебесін онлайн бақылап, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тарихын көре алады және жауап сапасын бағалай алады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес енгізілген eOtinish.kz жүйесі және 2020 жылы қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі өтініштермен жұмыс істеу тәсілін формальды қараудан клиентке бағдарланған форматқа ауыстырды.

«Бүгінде «e-Отініш» - бұл жай ғана сервис емес, мемлекет пен азаматтар арасындағы толыққанды диалог арнасы. Біз халық тара-

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ

Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар мен шағын неселерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметіне қосылуыңызға болады.

<p>Директор - бас редактор Нели ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәнілік кесі: «Азат» «Вест» ЖНҚ</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев каласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсені күні шығады. Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan juldysy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Сөзгермей Қазақстан» баспаханасында басылады. (Шетропаев к., Қоңуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 600</p>
---	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құраілігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.